

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаты
Ж.Д. Сүлейменоваға

2021 жылғы 31 наурыздағы
№ ДС-117 хатқа

Құрметті Жұлдыз Досбергенқызы!

Мектеп оқушыларының сапалы білім алуына қолжетімділікті қамтамасыз етуге қатысты сіздердің депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Мемлекеттік ұйымдар педагогтарының жалақысын есептеу қағидаларына сәйкес¹ олардың жалақысы апталық нормативтік жүктемені ескере отырып анықталатын оқу жүктемесінің санына қарай төленеді.

Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңында және еңбекақы төлеу жүйесі туралы² қаулыға сәйкес педагогтардың жалақысы орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына, сапасына және жағдайларына қарай өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдерді, арттыруларды, қосымша ақыларды, үстемеақыларды ескере отырып есептеледі.

Сыныпта оқушы саны 25 баладан аспауы тиіс. Егер белгіленген нормадан асқан жағдайда тиісті қаражатты қарастырып қосымша сыныптар ашу қажет. Мысалы, елдегі эпидемиологиялық жағдайға сәйкес шектеу және карантиндік іс-шаралар кезінде білім беру ұйымдарының сыныптарында оқушының саны 15-ке дейін белгіленген. Осыған орай мұғалімдердің еңбекақысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толық көлемде аптасына нақты сағат жүктемесіне қарай уақтылы төленді. Еңбекақы төлеуге жергілікті және республикалық бюджеттерден қаражат көзделген.

Білім және ғылым министрлігімен жаңа оқу жылында сыныптарды қалыптастыру кезінде 25 оқушы орнынан асырмау бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Алайда 1 сыныпта оқушылар саны 25-тен асқан жағдайда оқушы орындарының тапшылығы анықталада. Оқушы орындарының тапшылығын, үш ауысымды оқытуды жою мақсатында жергілікті атқарушы органдармен 2025 жылға дейін 800 мектептің құрылысы жоспарланған.

¹ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы «Мемлекеттік ұйымдар Педагогтарының жалақысын есептеу қағидаларын бекіту туралы» № 191 бұйрығы.

² Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» № 1193 қаулысы.

Қазіргі кезде Дүниежүзілік банкпен бірлесіп қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалануға мониторинг жүргізілді, төтенше жағдайдың салдарын жеңілдету үшін ұсынымдар әзірленді, білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша жедел кешенді шаралар қабылданды.

Жоғары оқу орындарымен, педагогикалық колледждермен және өңірлік білім басқармаларымен бірлесе отырып, білім олқылықтарының алдын алу стратегиясы әзірленді. Атап айтқанда, функционалдық сауаттылықтың жіберіп алған деңгейін қалпына келтіру және қажетті деңгейіне қол жеткізу мақсатында кейінгі сыныптарда білім беру бағдарламаларын бейімдеу бойынша шаралар іске асырылуда.

Оқушылардың бағдарламадан қалып қою деңгейін диагностикалауды, оны теңестіруді, оқу үлгерімі артта қалған білім алушылар үшін сараланған консультациялар өткізуді, педагогтармен онлайн оқыту тренингтерін, үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс бойынша вебинарлар өткізуді, педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттерін тарта отырып каникулдық мектептер ұйымдастыруды және ата-аналар мен балалардың қалауы бойынша консультациялық онкүндіктерді және т.б. көздейтін білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтарды жою және толықтыру бойынша әдістемелік ұсынымдар бекітіліп білім беру ұйымдарына жолданды.

2020-2021 оқу жылының 3-тоқсаннан бастап білім алушылардың білімін жоғалтудың алдын алу және оның орнын толтыру мақсатында жеке консультациялар жұмысын бастады.

Қала және ауыл мектептері арасындағы білім сапасындағы алшақтықты жою үшін бірқатар шаралар қабылданды: білім беру жүйесін басқару және ауыл мектептерін кадрлармен қамтамасыз ету жетілдірілді, ауыл мектептерінің материалдық-техникалық базасы және ауылдық жерлердегі дарынды балаларды қолдау күшейтілді. Аудандық және қалалық білім бөлімдерін басқару өкілеттігі облыстық білім басқармаларына берілді.

Шағын жинақты мектептерде (бұдан әрі – ШЖМ) кадрлар тапшылығы мәселесін шешу үшін жоғары оқу орындары «химия-биология», «математика-физика», «математика-информатика», «физика-информатика», «география-тарих» сияқты бакалавриаттың аралас мамандықтары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асырады. «Дипломмен ауылға» жобасы аясында 100 АЕК мөлшерінде біржолғы көтерме жәрдемақы және 1500 АЕК-тен аспайтын сомада тұрғын үйге бюджеттік кредит төлеу түрінде әлеуметтік қолдау шаралары көзделген.

ШЖМ қолдау үшін 186 тірек мектеп (ресурстық орталық) жұмыс істейді. Соңғы 3 жылда жергілікті бюджет қаражаты есебінен 2472 жаңа түрлендірілген кабинет сатып алынды. Ауылдық жерлердегі балалар үшін «Мың бала» Ұлттық зияткерлік олимпиадасы және «IQanat» олимпиадасы өткізіледі.

Сонымен қатар, Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар бекітілді³.

³ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығы.

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларымен⁴ шектеу және карантиндік іс-шаралар кезінде білім беру ұйымдарында сабақтардың жаңа режимі белгіленді, сыныпта білім алушылардың саны 15 адамға дейін, «1 кабинет - 1 сынып» нормасы анықталған болатын.

Оқу процессінің аралас форматына кезең-кезеңмен көшу санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып, сыныптағы 25 адам санының нормасын қалпына келтірумен аяқталды. Үздіксіз оқу процесін қамтамасыз ету елдегі эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, елдің Бас санитарлық дәрігерімен және мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жүзеге асырылды. Сонымен қатар, 1-5-сыныптардан бастап, сондай-ақ 180 және 300 бала контингенті бар 9, 11-сыныптарды және мектептерді дәстүрлі оқыту аралас форматта кезең-кезеңімен көшіру біртіндеп жүзеге асырылуда.

Білім және ғылым, Денсаулық сақтау министрліктері, жергілікті атқарушы органдар Орталық және өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында оқыту форматтарын түсіндіру және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау бойынша 200-ден астам брифингтер, 10 мыңнан астам онлайн форматында жиналыстар, 5 млн. астам ата-аналар жиналысы өткізіліп, 1 мыңнан астам жазба және электрондық материалдар жарияланды. Соның ішінде Бас санитарлық дәрігер Қаулысының талаптарына сәйкес сыныптардағы балалар санын 25 адамнан асырмау бойынша мұғалімдерге жалақы төлеу тетіктері толыққанды түсіндірілуі қажет

Сонымен қатар Білім және ғылым министрлігі апта сайынғы әдістемелік сағат барысында онлайн-режимде оқу процесін ұйымдастыру және санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдау және педагогтерге жалақы төлеу тетігі бойынша облыстық білім басқармаларымен, аудандық білім бөлімдерімен, әдістемелік кабинеттермен, білім беру ұйымдарының директорларымен түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Үздіксіз оқу процесін қамтамасыз ету елдегі эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, елдің Бас санитарлық дәрігерімен және мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жүзеге асырылады.

Халық арасында барлық шектеу және алдын алу шаралары, сондай-ақ әлеуметтік қашықтық туралы түсіндіру жұмыстары жалғасуда. Елдегі эпидемиологиялық жағдай барлық мүдделі мемлекеттік органдардың тұрақты бақылауында.

Жалпы, Сіздер көтерген мәселе Үкіметтің бақылауында болады.

Е. Тоғжанов

Орынд.: Н.Е. Абдрахимов, тел.: 74-54-10

⁴ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығы.